

## Бекей ордасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен қағидаларын бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Бекей ордасы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № 88 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 9 маусымда № 4451 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Бекей ордасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары 1, 2, 3, 4, - қосымшаларға сәйкес **бекітілсін.**

2. Бекей ордасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары бекітілсін.

3. Ауылдық округ әкімдері, "Бекей ордасы ауданының білім беру бөлімі" және "Бекей ордасы ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемелер қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдастын.

4. Аудан әкімі аппаратының басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Л. Қайыралиева** **жүктелсін.**

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

*H.Рахымжанов*

Бекей ордасы ауданы әкімдігінің

2016 жылғы 17 мамырдағы № 88

қаулысына 1 - қосымша

## Бекей ордасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Шонай ауылы



\*L=35 км

Сайқын ауылы



Мамбет ауылы

\*L = 7 км

Жәрменкө ауылы

\*L = 25 км

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

км – километр.

Шартты белгілер:


- – қозғалыс бағыты;
- – жол;
- – елді мекен;

- «Бекей ордасы ауданының білім беру бөлімінің «Мәншүк Мәметова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

\*L – ара қашықтық.

Бекей ордасы ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 17 мамырдағы № 88  
қаулысына 2 - қосымша

**Бекей ордасы ауданының шалғайдагы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы**



Аббревиатуралардың толық жазылуды:

км – километр.

Шартты белгілер:

→ – қозғалыс бағыты;

— – жол;

[grey rectangle] – елді мекен;


[school building icon] - «Бекей ордасы ауданының білім беру бөлімінің «А.Құсайынов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

\*L – ара қашыктық.

Бекей ордасы ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 17 мамырдағы № 88  
қаулысына 3 - қосымша

**Бекей ордасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы**

Бисен ауылы



Аббревиатуралардың толық жазылуы:

км – километр.

Шартты белгілер:


- – қозғалыс бағыты;
- – жол;
- [ ] – елді мекен;

[ ] -«Бекей ордасы ауданының білім беру бөлімінің «Б.Жаникешев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

\*L – ара қашықтық.

Бекей ордасы ауданы экімдігінің  
2016 жылғы 17 мамырдағы № 88  
қаулысына 4 - қосымша

**Бекей ордасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы**



Аббревиатурапардың толық жазылтуы:

км – километр.

Шартты белгілер:

- – қозғалыс бағыты;
- – жол;
- [ ] – елді мекен;

 - «Бекей ордасы ауданының білім беру бөлімінің «Жәңгір хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

\*L – ара қашықтық.

2016 жылғы 17 мамырдағы № 88  
Бекей ордасы ауданы әкімдігінің  
қаулысымен бекітілген

## Бекей ордасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Бекей ордасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қафіда) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушысының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" бүйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 шілдеде № 11550 тіркелді) сәйкес әзірленген және Бекей ордасы ауданының шалғайдағы елді

мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібін айқындайды.

## **2. Балаларды тасымалдау тәртібі**

2. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автокөліктердің техникалық жай-күйі, жабдықтары Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 "Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бүйрығының талаптарына жауап б е р у і т и і с .

Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автокөліктер сары түсті жылтыр шағын маягымен жабдықталады. Автокөліктердің алдына және артына "Балалар тасымалау" деген төрт бұрыш айыратын белгісі орнатылады.

Балалар топтарын ұйымдастырылған түрде жасы кемінде жиырма бесте, тиісті санаттағы жүргізуі куәлігі және кемінде бес жыл еңбек өтілі бар жүргізуілердің тасымалдаудына рұқсат етіледі.

Автокөлік шанағында тасымалданатын балалардың саны орындық санынан аспауы т и і с .

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 12.10.2018 № 180 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Оқу орындарында тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы Бөкей ордасы ауданының жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызуудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

4. Балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

5. Ұйымдастырушы балаларды оқу орындарына тасымалдауға балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

6. Балалар топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автокөліктермен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) ж о л б е р і л м е й д і .

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автокөліктердің қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауга және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауы керек.

7. Автокөліктердің қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен ұйымдастырушы келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы ұйымдастырушыға хабарлайды, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша

ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

8. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда ғана орындауы м ү м к і н .

9. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес б а л а л а р р ұ қ с а т е т і л е д і .

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүргуге рұқсат етілуі м ү м к і н .

10. Балаларды тасымалдау кезінде автокөліктің жүргізушісіне мыналар рұқсат етіл м е й д і :

- 1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүргуге;
- 2) жүрү маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автокөлік салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе құрал жабдықтарды тасымалдауға;
- 4) автокөліkte балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автокөлік салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автокөлікті басып озуға;
- 6) автокөлікпен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.